

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 18 қазанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің әр Жолдауында мүгедектігі бар жандарды қорғау, оларға деген көмекті ұлғайту керектігін әрдайым айтуда және нақты тапсыруда. Бұл тек Үкіметке ғана емес, әр мекеме басшыларына да қатысты.

БҰҰ мүгедектігі бар тұлғалардың құқығын қорғау жөніндегі конвенциясына қол қойылғаннан бастап Қазақстанда мүгедектігі бар тұлғалардың құқығын қорғауға және жұмыспен қамтамасыз етуге байланысты заңдар мен заңға қарасты актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2015 жылы Үкіметпен әр мемлекеттік мекемеде, әр квазимемлекеттік мекемелерде, ұлттық компанияларда, жеке меншік кәсіпорындарда мүгедектігі бар тұлғаларға денсаулығына зиян келтірмейтін жұмыс орындарын ұйымдастыруға тапсырма берілген болатын. 2016 жылы бұл көрсеткіш 2%дан 4% ға дейін деп көрсетілген.

Яғни жұмысшы саны 50-ден 100 адамға дейінгі кәсіпкерлік субъектілері үшін квота 2%, 101-ден 250 адамға дейін-3%, 250 адамнан астамға - 4% белгіленген. Ал әлемнің көптеген елінде бұл квота 6%.

2023 жылдың көктемінде әлеуметтік кодекс күшіне енген болатын. 2023 жылғы 7 маусымда еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен мүгедек адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау Ережесі бекітілген болатын. Сол бекітілген ереже, ол тапсырма сол күйінде. Қағаз жүзінде бәрі тамаша, кеңестер өткізілді, тапсырма берілді. Біз тіпті жаз

айларында ел ішін аралағанда облыс, аудан, ауыл әкімдері бұдан хабарсыз екенін көрдік. Сонда Президенттің тапсырмасын, Үкіметтің нұсқауын елемегені ме? Міне, осыдан кейін қалай мүгедек жандар жұмысқа тұрады, қалай дамыймыз?

Сонда бүгінгі күнге дейін біз кімді алдаймыз? Бірде бір ұйым мүгедекті жұмысқа алғысы келмейді. Мүгедекті мүсіркейді. Ал енді көп мекемелерде мүгедек жұмыс істеп жүргенін білмейді, неге? Себебі олар өзінің мүгедек екенін айтқысы келмейді. Өйткені жұмыстан айырылып қалудан қорқады. Өкінішке орай күннен күнге мүгедектігі бар жандар саны артып келеді. Сондықтан олар ертеңгі күніне сенімді болулары үшін біз оларға көмектесіп, ұйымдастыра білуіміз керек. Президенттің тапсырмасы міндетті түрде орындалуы тиіс және оны Үкімет қадағалауы керек. Біз Президенттен өнеге алуымыз керек, оның айғағы инклюзивті Парламенттегі бүгінгі жұмыстар. Айтылған сөз айтылған жерде қалмауы тиіс, айтылған сөз орындалмай қалса, ол адамға жасалған қиянат деп білуіміз керек. Оқу орындарын бітірген мүгедек жандарға мемлекет ақша төлейді, бірақ жұмыс беруші оны жұмысқа алмайды екен, сонда бұны қалай түсінуге болады?

Әр министрлік, әр әкімшілік бір біріне сілтемей ең алдымен өзінен бастау керек, Президенттің тапсырмасымен өз штаттарына 2% дан 4% аралығында қызмет орны ұйымдастырылуы қажет. Және осының бәрі министрдің және әр мекеме басшысының бақылауында болуы тиіс. Сонда әр мүгедекте, әр мүгедек балада келешегіне деген сенім пайда болады, ол үшін қазір жігер беру керек. Әр мүгедек жан өз нанын өзі тауып жеуі тиіс.

Оларға жәрдемақыны көбейте бергенше, жұмыс орындарымен қамтамасыз еткен дұрыс. Мүгедек жандар мемлекет мойнында отыра бермей, оларға жұмыс беріп өз нәпақаларын өздері тапса, олар бізде еңбек етіп нан тауып жүрміз деп, тіпті жәрдемақыға да қарамас еді.

Мысалы Германия, Ұлыбритания, Австралияда жұмыс беруші мүгедектің артынан жүріп отырады, бізде керісінше мүгедек жұмыс берушінің артынан жүреді жұмыс сұрап.

Оған мысал маған күніне, аптасына емес күніне мүгедек жандардан жүздеген өтініш кеп түседі. Соларға не айтарымды білмей қаламын. Тіпті соларға жұмысты өзім іздеп кетемін. Әр ұйымға хабарласып, қарапайым халықтың арасында жүрген осы мүгедек жанды жұмысқа алыңызшы деп өтініш жасап кетемін. Бізде Қазақстанда 720 мыңнан астам мүгедек жандардың 62% ы еңбекке қабілетті жастар. Біз тек демеу беруіміз қажет, мүсіркемеуіміз керек. Аз ғана жәрдемақымен аясаң әлсірей бермек, жұмыспен қамтып жігер берсек әлдене түспей ме. Өз еңбектерімен үйін де, автокөлігін де алып отбасын да асырап, елге де пайдасын тигізетіні анық

емес пе. Оларда отбасымен Қазақстан республикасының тең құқылы азаматы болып жүргеніне қуанбай ма? Міне біз осыған атсалысуымыз керек. Жәрдемақыны ұлғайта бергеннен ештеңе шықпайды, оданда жұмыс орындарымен жәрдемдесуіміз қажет.

Біз бағанадан 2%дан 4% аралығында айтып тұрмыз, заңды түрде солай. Бірақ ең құрығанда 1% дық көрсеткішке қол жеткізейікші.

Осы орайда сіздерге ұсынылатын ұсыныстар:

1. Мүгедектігі бар жандар үшін жұмыс орындары міндетті түрде ұйымдастырылсын және қатаң түрде қадағалансын.

2. Орындамаған ұйымдарға үлкен мөлшерде айыппұл салынсын. Сол айыппұлдан түскен қаржыға мүгедектігі бар тұлғаларға жұмыс орындары ұйымдастырылсын.

3. Оқу ағарту министрлігіне, ғылым және жоғары білім министрлігіне мүгедектігі бар жандар үшін жоғары оқу орындарында, колледждерде сапалы мамандар даярлайтын, қайта даярлайтын оқу орындары ұйымдастырылсын.

Оқу орындарын тәмамдаған мүгедектігі бар жандар мемлекеттік, квазимемлекеттік ұйымдарда 100% жұмысқа орналастырылсын және қадағалансын.

Құрметпен,

«Ауыл» партиясының фракция депутаттары:

**Т. Серіков
А. Баққожаев
Н. Арсютин
Қ. Әбден
Ж.Дайрабаев
С.Егізбаев
А. Зейнуллин
Е. Саурықов**

«AMANAT» партиясының фракция депутаттары

**А. Аймағамбетов
Е. Әбдиев
М.Әбенов
Е. Бейсенбаев
Д. Исабеков
А. Мысырәлімова
С. Пономарев
Н.Сәрсенғалиев
Ж.Сулейменова
Д.Тұрлыханов**

У. Шапак

«Respublika» партиясының фракция депутаттары: Н. Тау

**«Қазақстан Халық Партиясы»
партиясының фракция депутаты:**

Г. Танашева

**«Жалпыұлттық социал-демократиялық
партиясының фракция депутаты:**

А. Сағандықова

Жеке мандатты Депутат:

Д. Мұқаев

*Орынд. Н. Аубакиров
тел. 74 67 54*